

УДК 37: 004

ШЕТ ЕЛДІК МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Искак Аружан

iskakovaruzan@gmail.com

6B01201- «Мектепке дейінгі тәрбие жән оқыту»мамандығының студенті
Нұр-Сұлтан қ.Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Ғылыми жетекші - Ф.Н.Жұмабекова

Қоғамның назары әрқашанда тиімді және нәтижелі мектепке дейінгі білім беру жүйесін ұйымдастыруға аударылды. Бұл барлық дамыған елдерде бірыңғай білім беру стандарттарының енгізілуімен де, ата-аналардың балаларына білім сапасын жақсартуға деген ұмтылыстарымен де байланысты. Сондықтан да шетелде мектепке дейінгі білім беру бағдарламалары кез-келген бала өзінің әлеуетін бала кезінен бастап ашатын және ең үлкен жетістікке жететін бағыттарын анықтай алатындай етіп оңтайлы жағдай жасау қажеттігін атап көрсетуге бағытталады.

2021.15.03.№137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделінде: мектепке дейінгі білім беруде инновациялық дамытушы ойын технологияларын, шет елдік тәжірибелерді талдау және оны тәжірибеде пайдалану қажеттілігі атап көрсетілген [1].

Осыған орай, шет елдік мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру бағдарламаларына талдау жасауды жән көрдік.Мақаланың мақсаты шет елдердің мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі тәжірибесін сипаттайтын бағдарламаларды атап, сипаттау болып табылады. Біз шет елдегі бағдарламаларды үш маңызды бағытқа жіктедік: баланың денсаулығын сақтауға назар аударатын бағдарламалар, мектепке дейінгі ұйымдағы дамушы орта яғни баланың оң әлеуметтенуіне баса назар аударатын бағдарламалар тобы, тәрбиеші мен ата-анаға арналған бағдарламалар.

Денсаулық - бұл баланың өміріндегі маңызды және маңызды факторлардың бірі. Дені сау бала -бақытты бала және бұл сәттіліктің кепілі. Ересектердің басты міндеті - балаларды өмірінің алғашқы жылдарынан бастап өз денсаулығын құрметтеуге және оны күтуге тәрбиелеу болып табылады.Денсаулық сақтау бағдарламаларында қарастыратын бағдарламаларды атап айтатын болсақ: Германияның Kindergarten des Stadt Waldkinder e.V. бағдарламасы және Америка Құрама Штаттарының "Not a single forgotten child бағдарламасы.

Баланың денсаулығына ерекше байсалдылықты Германияның атақты педагог психолог А.Фишердің 2012 жылғы жасаған Kindergarten des Stadt Waldkinder e.V. бағдарламасынан айқын байқауға болады. Бағдарламаның негізгі мақсаты 4 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды өз денсаулығына кішкентай кезінен назар аудартуға тәрбиелеу болып табылады. Бағдарламаның басты ерекшелігі тәрбиеші балаларды жыл мезгіліне қарамастан балаларды ата-анасынан сұрап алып, жергілікті жердің табиғатын балаларға көрсете отырып экологиялық сонымен бір сауатты өмір салтын ұстануға өзі үлгі бола отырып тәрбиелеу болып табылады [2].

Америка Құрама Штаттарында тек қана баланың денсаулығына назар аударып қана қоймай, ерекше білімді қажет ететін балаларға барынша көмек көрсету мақсатында 2012 жылы "Not a single forgotten child" (Ешбір бала ұмытылмасын) бағдарламасы ұсынылған болатын. Бағдарламаның мақсаты ерекше білімді қажет ететін балаларға ыңғайлы әрі нәтижелі білім бере отырып әлеуметтенуіне көмектесу болып табылады. Жалпы бағдарламаның ерекшелігі ерекше білімді қажет ететін балалар кәдімгі балалармен бірге бір топта оқытылып осы арқылы баланың әлеуметтенуі жақсарып өз дүниетанымы пайда болады.

Дамушы орта - бұл балаларға тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін әлеуметтік және табиғи факторлардың бірлігі болып табылады. Қоршаған ортада әр бала өзін ыңғайлы әрі басқа топтағы балалардан ерекше сезініп тұлға ретінде қалыптасуына ықпал жасалынуы қажет. Осындай талапты негіз етіп, жұмыс жасайтын бағдарламалар қатарында Ұлыбританияның Англо-Соксан бағдарламасы сонымен қатар Қытайдың Директивалық бағдарламасын айтуға болады [3].

Англо-Соксан бағдарламасы Ұлыбритания мемлекетінің білім беру заңы арқылы 2006 жылы қабылданған алғашқы бағдарламалардың бірі болып табылады. Жалпы бағдарламаның мақсаты: балаларға жеке дара тұлға болып қалыптасуына көмектесу және мотивациялық көмек беру. Бағдарламаның мынандай сипаттармен ерекшеленеді: баланы өз тағдырын өзі анықтауға құқы бар тәуелсіз тұлға деп түсіну, теория мен тәрбие тұжырымдамаларының плюрализмі деген сияқты ерекшеліктері бар.

Қытайдың мектепке дейінгі директивалық бағдарламасы міндетті түрде балабақшада «ең бай орта» құруға нұсқайды, яғни балабақшада балалардың тұлға болып өсуі үшін және өзін балабақшада ыңғайлы сезінуі үшін керек барлық материалдармен қамтамасыз ету керек деп түсіндереді. Жалпы бағдарлама 1997 жылы білім министрілігімен қабылданған болатын. Бағдарламаның авторы психолог-педагог Р.Юфсенг. Бағдарлама негізі екі негізгі бөліктен тұрады, бірінші бөлікте балаларға арналған оқу бөлігі болса, екінші бөлікте баланың оң әлеуметтенуі мен қытайдың ежелден келе жатқан дәстүрімен таныстыру болып табылады. Бағдарламаның негізгі мақсаты: еліне адал қызмет жасайтын азамат пен азаматша тәрбиелеу болып табылады. Бағдарламаның басқа қытай бағдарламаларынан ерекшелігі қытай балаларына дәстүрлі білім бере отырып, елдің патриотын өсіру болып табылады [4].

Жапония мектепке дейінгі білім беруде барлық елдерге үлгі бола алады. Даму ортасы өте жақсы ауқымды және балаға оның іс-әрекетін толық басқаруға мүмкіндік беретін бағдарлама (кокоро-жүрек) деп аталады. Бағдарлама бүкіл ел аумағында қолданылады. Бағдарлама 2005 жылы мемлекеттің білім туралы заңы бойынша қабылданған болатын. Кокоро бағдарламасы оқуға немесе баланы әлеуметтендіріп қана қоймай, кішкентай жапондықтарды жапонша мінез қалыптастыруға сонымен бірге дәстүрлі жапонша ойлауға үйрететін алғашқы баспалдақ болып табылады [5].

Жалпы бағдарламалардың тек балаларды оқытып немесе тәрбиелеп, қана қоймай ата-аналарға балаларына жақсы күтім жасап, жақсы тәрбиелеуіне көмек беретін анықтамалық бағдарлама түрлері бар, атап айтсақ ресейлік «Кроха» бағдарламасы және Франциялық ерекше *L'opinion de la mere* бағдарламасы бұл бағдарламалардың басқа бағдарламалардан ерекшелігі екі бағдарламада ата-ана мен тәрбиеші педагог қарым қатынасына негізделген.

Кроха бағдарламасы өз жұмысын 2001 жылдан бастады. Бағдарламаның авторлары: Авторлары: Григорьева Г.Г, Кочетова Н.П, Сергеева Д.В. Бағдарламаның негізгі мақсаты 3 жасқа дейінгі балаларды кешенді дамыту, тәрбиелеу және оқыту болып табылады. Негізінен бағдарлама кішкентай балалардың отбасылық және қоғамдық тәрбиесін ізгілендіру идеялары рухында жасалған. Алғаш рет ата-аналарға баланы туғаннан 3 жасқа дейін қалай тәрбиелеу, қалай денсаулығын күту, еркіндікке үйрету керектігін көрсететін бағдарлама. Авторлар бағдарламада балалардың қызығушылығын, тәуелсіздігін, белсенділігін, бастамасын дамытуға ерекше назар аударған [6].

Франциялықтар үшін баланың орны әрқашанда үлкен өйткені бала тек қана ұрпақ жалғастырушы ғана емес, ата-ананың айнасы, мемлекеттің болашағы деп түсінеді сондықтан да баланы тәрбиелеуде тәрбиешінің ролінің маңызы зор екенін біледі, біз бұны *L'opinion de la mere* (аналар пікірі) бағдарламасынан біле аламыз. Бағдарлама қолданысқа 2018 жылы енген. Бағдарламаның авторы Анн Тюде есімді тәрбиеші. Бұл бағдарлама әлемдегі ең ерекше бағдарламалардың бірі. Бағдарламаның мақсаты тәрбиеші мен баланың анасы арасындағы қарым қатынасты жаңа деңгейге көтеру, сонымен қатар топ ішіндегі ата-аналарды бір-бірімен жақындату. Бағдарлама арқылы тәрбиеші мен ата-ана бала тәрбиелеуде жинаған тәжірибелерімен бөлісе отырып балаға жақсы тәрбие беруге болатын технологияларды бірге қарастырады [7].

Сонымен, шетелдік бағдарлама тәжірибесін теориялық тұрғыдан талдау арқылы мынандай қорытынды жасауға болады, әрине шетелдік бағдарламалардың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Менің ойымша қазіргі қолданыстағы бағдарламаларда шетелдік бағдарламалардың жетістіктерін, тиімді әдіс-тәсілдерін пайданауды қолға алу қажет деп ойлаймын. Атап айтқанда, Финляндия, Сингапур, Корея сияқты мемлекеттердің мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ұсынған бағдарламалары қазіргі инновациялық технология заманына негізделіп жасалғандықтан мектеп жасына дейінгі балаларды оқытып тәрбиелеу үшін өте тиімді әрі нәтижелі деп ойлаймын және біздің мемлекетіміздің мектепке дейінгі білім беру жүйесі үшін де жаңа тыныс болар еді деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі. 15.03.№137 қаулысымен бекітілген. 2021.
2. Фишер А. Kindergarten des Stadt Waldkinder e.V. бағдарламасы. 2012 ж.
3. Баева Л.В. «Дошкольное образование в Англии» 2010г.
4. Зебзеева В.А. Дошкольное образование за рубежом: история и современность / В.А. Зебзеева. – М.: ТЦ Сфера, 2007. – 128 с.
5. Денисова, Р.Р. Детский сад по-японски // Управление ДОУ. 2003, №5.
6. Григорьева Г.Г, Кочетова Н.П., Сергеева Д.В. Кроха». 2001 ж. №4
7. Булгакова, Н. И. Образование во Франции / Н. И. Булгакова // Поиск.-1996